



ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Тіл және қоғам. 2-бөлім

5-тарау. Тіл және қоғам





Лингва франка дегеніміз – өз ана тілі бар көптеген адам қолданатын және үйренетін тіл. Алайда тарихқа көз жүгіртер болсақ, бір-біріне түсініксіз тілдерде спикерлер белгілі бір әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға байланысты қатысымға еніп, бірақ, бір-бірімен тіл табыса алатын тілді дамытты. Мұндай тілді пиджин тіл деп атаймыз. Көптеген пиджиндер XVII, XVIII және XIX ғасырларда Қытай, Африка және Америка жағалауларында орналасқан сауда отарларында дамыды.

Пиджин тілі ағылшын, француз, португал, дат тілі сияқты отарлаушы Еуропа тілдері спикерлер мен еуропалық емес байырғы халықтардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуі әсерінен пайда болды. Кейбір пиджиндер XIX ғасырда Америка Құрама Штаттары және Кариб аралдарының құл иеленушілері мен құлдарының арасында пайда болды. Тағы бір мысал ретінде Гавайидің ананас плантацияларында жұмыс істейтін жапондық, қытайлық, португалдық және филиппиндік келімсектер арасында пайда болған пиджинді, сондай-ақ, Тынық мұхитының солтүстік-батысын мекендейтін үндістердің арасында осы тайпа мен басқа да тайпалардың еуропалық саудагерлермен тіл табысу үшін қолданған чинук жаргонын айтуға болады. Сонымен қатар кәріс және вьетнам соғысы кезінде шетелдік әскерлер мен жергілікті тұрғындар арасында қолданылған әртүрлі пиджиндер де бар. Бұл жағдайлардың бәрі де белгілі бір топтың ана тілі лингва франка ретінде тиімді қызмет етуі үшін байланыстарға ерекше мән беріліп, мәдениеттер кең ауқымға ие болған. Сәйкесінше, екі немесе үш топ өкілдері өздерінің ана тілдерінен аз ғана грамматикалық құрылым мен сөздік қорынан тұратын қарапайым лингва франканы жасап алып жатады. Мұндай жағдайда экономикалық немесе плантатор мен жұмысшы, құл иеленуші мен құл арасындағы қатынас сияқты себептерге байланысты бір лингвистикалық топ екіншісінен басымырақ болады. Осыған байланысты пиджиндегі көптеген лексикалық бірліктер осы үстем топ тілінен алынады. Олай болса, мұндай тілді беделді тіл немесе үстем тіл деп атаймыз. Мысалы, ағылшын гавайилық пиджин үшін үстем тіл болса, шығыс және орталық Африканың суахили пиджині үшін суахили, Малайзия, Сингапур және индонезиялық пиджиндер үшін базарлық малай тілі үстем тіл болып саналады. Басқа тілдер де сөздік қор мен грамматиканың дамуына үлес қосқанымен, олар айтарлықтай байқала қоймайды. Мұндай тілдерді бағынышты тілдер деп атайды. Жапон, қытай, тагаль, португал тілдері гавайилық пиджин ағылшын тіліне бағынышты тілдер болғанымен, олар оның грамматикасына өзіндік үлесін қосты. Чинук жаргонында өңірдің чинук және нутка сияқты байырғы тілдерімен француз және ағылшын тілдерінің кейбір қасиеттері қатар кездеседі.

Көптеген лингвистер, пиджиндер лингвистикалық «тіршілік кезеңінің» бір бөлігі деп ойлайды. Алғаш дами бастаған кезде ешкім пиджинді қолданбайтын және ол тек қана байланыс тілі болатын. Оның қолданылуы сауда-саттық немесе жұмысқа байланысты тапсырмалар сияқты арнайы қызметтер үшін ұрпақтан-ұрпаққа жетеді және бұл тілді қолданушылар күнделікті өмірде өз ана тілдерінде сөйлейді. Алайда кейіннен тіл сақталып, қажеттілігін жоғалтпаған жағдайда пиджиннің тұрақты және күрделі түрі, «тұрақты пиджин» пайда болады. Ол тілді түрлі жағдайда қолдануға мүмкіндік береді. Пиджиннің ары қарай дамуы креолдың пайда болуына алып келеді. Көп лингвистер оны әдеттегі тілде бар барлық грамматикалық құрылымдар тән деп сипаттайды. Олай болса, пиджиндену тілдердің қарапайым түрге енуі мен тілдік қызметтердің қысқаруынан тұрады. Креолдану, керісінше, қолданыстағы пиджиннің сөздік қоры мен грамматикасының лингвистикалық тұрғыдан таралуы мен қолданылу аясының кеңуін қамтиды. Креолдар мен креолизация жөнінде сәл кейін кеңінен талқылаймыз. Кей жағдайда пиджиндер қарапайым болғанымен, оларды ережеге бағынбайды деуге болмайды. Барлық адамзат тілі сияқты фонология да ережеге бағынады. Алайда фонемалар саны салыстырмалы түрде аз. Мысалы, стандарт ағылшында он төрт жеке дауысты дыбыс болса, пиджинде бестен жетіге дейін дыбыс бар; әр фонеманың аллофондық дыбысталу үлгісі болады.

Ағылшынға негізделген бір пиджинде, мысалы, [s], [ʃ], [tʃ] дыбыстары /s/ дыбысының түрлі нұсқалары болуымен қатар, [masin] [maʃin], [maʃin] барлығы да бір 'machine' сөзін білдіреді.

Үстем және бағынышты тілдерде кездесетін дыбыстардың барлығы әдетте сақталады, алайда дыбыс бағынышты тілде емес, үстем тілде ғана болса, онда ол қолданыстан шығады. Мысалы, this, thing сөздерінде кездесетін ағылшын [ð], [θ] дыбыстары көптеген тілдерде болмайды. Сондықтан ағылшын пиджинде сөйлесетін адамдар th дыбысын басқа дыбыспен алмастырып, «this thing» дегенді dis ting деп айтады. Сондай-ақ пиджиннің грамматикасы да



аз әрі олар көмекші етістік, демеуліктер, артикльдер, флективті морфология, шақ пен септік жалғауларын қолданбайды. Мысалы:

He bad man «He is a bad man» – Ол жаман адам.
 I no go bazaar «I'm not going to the market» – Мен базарға бармаймын.

Аффикстік морфема деген мүлдем жоқ. Мысалы, кейбір ағылшын пиджиндерінде ағылшынның shoes сөзі sus түріне енеді және sus сөзінің көптік жалғауы болмайды, өйткені, ол жекеше де, көпше ұғымды да білдіре береді. Бұл құбылыстың ескі ағылшын тілі дамып жатқан кезде болғанын да айта кеткен жөн. Негізінен, – а жалғауы латын тілінен шыққан agenda сияқты сөздер үшін көптік жалғауы қызметін атқарғанымен, уақыт өте бұл сөз тек жекелік ұғымды білдіріп, оның көптік мағынасын білдіру үшін бүгінде agendas сөзі қолданылып жүр.

Етістіктер мен зат есімдердің бір ғана формасы болады және олар шақты, санды, текті немесе септікті білдіру үшін өзгеріп тұрмайды. Көптеген есімдіктің пиджинде қарапайым түрі ғана кездеседі. Камерунда кездесетін камток ағылшын пиджинінде стандарт ағылшын тіліндегідей есімдіктер текті немесе септіктегі айырмашылықты білдірмейді. Мысалы:

	Камток		СААТ		
a	Mi	ma	I	me	my
yu	Yu	yu	you	you	your
i	i/am	i	he	him	him
i	i/am	i	she	her	her
wi	Wi	wi	we	us	our
wuna	wuna	wuna	you	you	your
dem	dem/am	dem	they	them	their

Сондай-ақ, пиджиндерде өздері негізделетін тілдерге қарағанда демеуліктер аз болады.

Камтокта ғә демеулігі ағылшынның 'to', 'at', 'in', 'for' және 'from' демеуліктерін қатар білдіре береді. Мысалы:

Gifi di buk ғә mi.	«Give me the book to me»
I dei ғә fam.	«She is at the farm»
Dem dei ғә chәs.	«They are in the church»
Du dis wan ғә mi, a beғ.	«Do this for me, please»
Di mәni dei ғә tebul.	«The money is on the table»
You fit muf ten frank ғә ma kwa.	«You can take ten francs from my bag»

Басқа морфологиялық жағдайлар пиджиндерде өнімдірек. Екпінді білдіру үшін қайталаулар жиі қолданылады. Мысалы, камтокта big сөзі үлкен дегенді, ал big-big өте үлкен дегенді, luk сөзі қарауды, luk-luk тесіле қарауды білдіреді. Күрделі сөздер де көптеп кездесуімен қатар, аз сөздік қорды байыту қызметін атқарады.

big ai	Greedy
drai ai	Brave
gras bilong fes	Beard
gras antap long ai	Eyebrow
gras bilong head	Hair
han bilong pisin	wing (of a bird)
fella bilong Mrs. Queen	husband of the queen

Пиджин тіліндегі кейбір сөздер бірнеше синтаксистік категорияға тән қызмет атқарады. Мысалы, камток тіліндегі bad (жаман) сөзі сын есім, зат есім немесе үстеу қызметін қатар атқара береді:

Сын есім	tu bad pikin	two bad children
Зат есім	We no laik dis kain bad.	We don't like this kind of badness.
Үстеу	A liakam bad.	I liked it very much.



Синтаксиске келер болсақ, ертеректе пайда болған пиджиндерде бағыныңқы сөйлем болғанымен, біріккен сөйлем мен басқа да күрделі толықтауыштар болмайды. Сөздердің орын тәртібі де біркелкі емес. Түрлі лингвистикалық топ өкілдері өз ана тілдеріндегі сөздердің орын тәртібіне сүйенсе, оны басқалары да түсіне алады. Мысалы, жапон тілі етістік соңында келетін SOV/зат есім, толықтауыш, етістік ережесіне бағынатындықтан, ағылшынға негізделген пиджинде сөйлейтін жапондық етістікті сөйлемнің соңына қойып, *The poor people all potato eat* деген сөйлем құрайды. VSO/етістік, зат есім, толықтауыш құрылымына сүйенетін филиппиндік тагал тілінде етістікті бірінші қоятындықтан, *Work hard these people* үлгісіне сай сөйлем құрайды.

Пиджиндер мен креолдарда сөздің орын тәртібі тұрақты болуымен қатар, күндер өте келе сөйлем түрлері де басқа тілдегілерге ұқсайтын болады. Кейбір пиджиндер Еуропалық отарлаушы империяларға қатысты болғандықтан, пиджин жайлы келеңсіз пікірлер де болып жатады. Бір кездері *Encyclopedia Britannica* пиджинді «ережеге бағынбайтын, ақылға қонбайтын, дерексіз, анайылыққа және бұрмалауға толы жаргон» деп сипаттаған болатын. Бүгінде мұндай анықтама қолданылмайды. Керісінше, пиджиндер адамдардың лингвистикалық шығармашылық қабілетін танытып, мүмкіндігінің көп екенін растайды. Пиджиндердің аса пайдалы қызметі де бар. Мысалы, бір қосымша жұмысқа қатысты тренингтен өту үшін ағылшын тіліне негізделген пиджинді алты айдың ішінде жап-жақсы үйреніп алуға болады. Әдетте осындай мақсатта стандарт ағылшын тілін үйрену үшін одан он есе көп уақыт кетеді. Қызметкерлері бір-біріне түсініксіз көптеген тілде сөйлейтін салаларда түрлі мәдениет пен ұлт өкілдерін жақындастыруда пиджин ерекше рөл атқарады. Жалпы алғанда, олар аз уақыт қана өмір сүреді, олар ары кеткенде бірнеше буынға ғана жетеді. Алайда одан ұзағырақ қолданылған пиджиндер де жоқ емес. Олардың қолданыстан шығу себебі – адамдардың ортақ бір тілде сөйлей бастауы. Бұған мысал ретінде адамдардың барлығы кейіннен ағылшын тілінде сөйлеп кеткен чинук жаргонын айтуға болады. Сонымен қатар пиджинді көп жағдайда адамдар ұнатпайды және пиджин бастау алатын стандарт ағылшын тілін үйренуге адамдар әлеуметтік тұрғыдан тәуелді болады. Айталық, Жаңа Зеландияда адамдарға жаппай стандарт ағылшын тілін үйрету арқылы маори тілі қолданыстан шығарылды. Үкіметтің тыйымына төтеп бергенімен, қытайлық пиджин ағылшын тілі XIX ғасырдың аяғына қарай ағылшын тілінің тегеурініне қарсылық көрсете алмады. Тағы бір айта кетер жайт, пиджин тілінің түрлі қауымдастықтарды сәтті топтастыруы оның қолданыстан шығуына алып келуі мүмкін. Пиджиннің кеңінен таралуының арқасында өскелең ұрпақ оны ана тіліндей қолданып, сөздік қоры мен грамматикасын ары қарай дамытуына байланысты креол тілі пайда болады. Креолды қарым-қатынас негізінде осы тілді қолданушылардың ана тіліне айналған тіл ретінде сипаттауға болады.

Дәстүрлі анықтама бойынша, креол дегеніміз – жұтаң, тұрақсыз пиджинде сөйлеп үйренген балалардың күнделікті өмірде қолдануға болатын байырақ және адамзат тілінің кейбір сипаттары бар күрделірек тіл жасап шығару мақсатында ойлап тапқан тілі. Пиджиннен айырмашылығы креолдардың шақ, көптік және тағы да басқа жалғаулары бар. Мысалы, оңтүстік Тынық мұхиты маңында қолданылатын креолда сабақты етістікке – *im* жалғауы жалғанса, етістікте толықтауыш болмаған жағдайда бұл жалғау түсіп қалады:

man | *pairipim* | *masket*.
man *be* *fired-him* | *musket*
'The man fired the musket.'

masket | *i* | *pairip*.
musket *be* *fired*
'The gun was fired.'

Ағылшын тіліндегі *red* сөзіндегі – *en* жұрнағы сияқты сын есімнен етістік тудыру үшін де – *im* жұрнағы қолданылады:

<i>Bik</i>	<i>big</i>	<i>Bikim</i>	to enlarge; to make something bigger
<i>Daun</i>	<i>down</i>	<i>daunim</i>	to lower; to make something go down
<i>Nogut</i>	<i>no</i>	<i>good nogutim</i>	to spoil; damage; to make something no good



Креолдардың есімдік жүйесі әдетте күрделі болып келеді. Мысалы, оңтүстік Тынық мұхиты креолдарында *we* (біз) есімдігінің екі түрі бар: спикер мен тыңдаушы екеуіне де қатысты инклюзивті *we* және тыңдаушыдан басқа адамдар мен спикерге қатысы бар эксклюзивті *we*. Португал тіліне негізделген кабо-вердиндік креолда есімдіктің үш тобы бар: күшті, әлсіз және клитикалық, яғни ағылшынның *'s* ілік септігі жалғауы сияқты сөзге мағынаның үстелуі.

Креолда пиджиннің күрделі сөздері қысқарады. Мысалы, *'sweat'* (тер) сөзін білдіретін *wara bilong skin* (*water belong skin*) сөзі қысқарып, *skinwara* болса, келер шақты білдіретін *baimbai* (*bai+bai*) қос сөзі креолда шақтың түрленуі арқылы жай ғана *ba* болып қалады. Сондықтан *baimbai yu go* ('you will go' сен барасың) сөйлемі *yu bago* түрінде айтылады. Креолдардың тіркестік құрылымы да жақсы дамыған. Мысал ретінде дәстүрлі тілдерде кездесетін анықтауыш бағыныңқы сөйлемнің креолда болуын айтуға болады.

Пиджиндер мен креолдарды ана тілі немесе екінші тіл деп бөліп көрсету оңай шаруа емес. Жаңа Гвинеяда кеңінен таралған ток-писин сияқты көп тілдер үшін бірінші тіл болса, кейбірі үшін екінші тіл ретінде қолданылады. Кейбір лингвистер креолдар мен пиджиндер пайда болып, дамыған географиялық аймақтар мен әлеуметтік жағдайлардың түрліше екенін алға тарта отырып, креолдар пиджин тілінен дамыған деген пікірге қарсы келеді. Сондай-ақ креолдарды балалар ойлап тапты дегенді көбі қабылдай бермейді. Көптеген лингвист креолдар ересек адамдардың екінші тіл ретінде үстем тілді жетік меңгермеуінің нәтижесі, олардың еуропалық емес ана тілдерінің грамматикалық ережелерін үйренуші тілге қолдануының салдары деп есептейді. Бұл болжам креолдар мен екінші тіл болып саналатын дәнекер тілдерге тән сипаттарды түсіндіріп береді. Мысалы, етістік инварианттары, анықтауыштың болмауы, шақ пен модальдықты білдіру үшін үстеудің орнына етістіктер мен көмекші етістіктердің қолданылуы.

Кейбір лингвистер креолдар әдеттегі тілдерден қарапайым дегенімен, әртүрлі креолдардың грамматикалық ерекшеліктерін тереңірек зерттеген тіл мамандары олардың креолдық емес тілдерден құрылымдық жағынан ғана ерекшеленетінін және креолдың ең басты қасиеті олардың пайда болып дамыған әлеуметтік тарихи жағдайы екенін алға тартады. Креолдар көптеген африкалық тайпалар түсінбейтін тілдерде сөйлесетін құл плантацияларында пайда болды. Француз тіліне негізделген гаитилық креолдар мен Ямаиканың көп бөлігінде қолданылатын ағылшын тілдері осы жолмен дамыған.

Гулла – Джорджия мен Оңтүстік Каролина жағалауы аралдарындағы африкалық құлдардың үрім бұтақтары сөйлейтін ағылшынға негізделген креол.

Гаитилық креолға жақын дәрісте берілген миллиондаған сьерралеондықтар сөйлейтін крио тілі жартылай да болса ағылшынға негізделген пиджиннен дамыған.

Афро-америкалық ағылшын тілінің шығу тегіне қатысты теориялардың бірінде оның ағылшын тілі африкалық құлдар үшін қожайындарымен тіл табысудың бірден-бір жолы болған кезде дамыған ертедегі ағылшынға негізделген креолдан бастау алатыны жайлы айтылады. Бұл болжамды жақтаушылар ААЕ тілінің кейбір ерекшеліктері кезінде құлдар немесе олардың әке шешелері қолданған батыс африкалық тілдермен ұқсас екенін айтады. Сондай-ақ ААЕ-нің кейбір қасиеттері, айталық, шақтық белгілер тек креол тілдерге ғана тән.

Тағы бір пікір бойынша, ААЕ ешқандай да пиджин/креол сатысын басынан өткермей, тура ағылшыннан бастау алған. ААЕ ағылшынының басқа диалектілерден гөрі америкалық ағылшын тілінің оңтүстік диалектісіне жақынырақ екені еш дау туғызбайды. Африкалық құлдар ақ нәсілді оңтүстік халқының ағылшынын екінші тілі ретінде үйренген болуы мүмкін. Сондай-ақ ААЕ тілінің оңтүстік диалектілерінің кейбір қасиеттерін қаншама жылдар бойы қара нәсілді әйелдер бағып, қара нәсілді балалармен ойнаған оңтүстіктің ақ нәсілді балаларынан үйренген болуы мүмкін деген пікір де жоқ емес.

Ток-писиннің жазу жүйесі, әдебиеті, газеті мен радио бағдарламалары бар. Бұл тілді БҰҰ-да қолданған. Папуа Жаңа Гвинеяда болған лингвистикалық конференцияда ток-писин тіліндегі газеттердің таныстырылымы болған. Оған қоса ел парламентіндегі жарыссөздерде бұл тілде сөйлеу – қалыпты жағдай.

Бүгінгі күні ағылшын, хири-моту (креолдың тағы бір түрі) тілдерімен қатар ток-писин – тәуелсіз Папуа Жаңа Гвинеяның мемлекеттік тілдерінің бірі. Ыммен сөйлесу де пиджинге жатуы мүмкін.



1980 жылдары Никарагуада ересек мылқау адамдар бас қосып, бір-бірімен тіл табысуды жеңілдету үшін «отандық» ым тілінің алғашқы нұсқасын жасады. Онда пиджиннің кейбір сипаттары болды, түрлі адам оны түрліше қолданды және грамматикалық ережелері аз әрі түрліше болып келді. Алайда мылқау балалар қауымдастыққа қосылған кезде қызық жағдай болды. Ересектер жасаған, жетілмеген ым тілін оны үйреніп жүрген балалар ары қарай дамытып, нәтижесінде тілі бай да күрделі Idioma de Signos Nicaragüense (ISN) немесе никарагуалықтардың ым тілі пайда болды.

ISN – адамзаттың аз ғана араласуы мен лингвистикалық қабілетінің нәтижесінде грамматикалық тұрғыдан күрделі тіл дами алатынының айқын көрінісі. Пиджиндер мен креолдарды зерттеу адам тілінің табиғатын, тілдің пайда болуы мен өзгеру процесін, сондай-ақ, тілдік байланыс пайда болған әлеуметтік тарихи жағдайларды түсінуімізді біраз жеңілдетті деуге болады. Билингвизм немесе қостілділік термині екі не одан да көп тілде сөйлей білу қабілетін білдіреді.

Жеке адамның қос тілде сөйлеуін жеке адам билингвизмі деп, ал қоғамның қос тілде сөйлеуін қоғамдық немесе әлеуметтік билингвизм деп атаймыз. Жеке адам билингвизмінің бірнеше деңгейі бар. Кейбір адамдар екі тілде де ана тіліндей сөйлесе, кейбірі екі тілде қатар жақсы сөйлегенімен, оларға екі тілдің бірінде лингвистикалық біліктілік жетіспей жатады. Сондай-ақ кейбір қостілділер ауызша жақсы сөйлегенімен, өзі сөйлейтін тілдердің бірінде немесе көбінде дұрыс оқып-жаза алмайды.

Адамдардың қостілдіге айналу себептері әртүрлі. Кейбір адамдар бірден көп тілде сөйлейтін ортада өседі, кейбірі жаңа жерге көшіп барып, ондағы адамдардан жаңа тіл үйренеді. Ал кейбірі екінші тілдерін мектепте үйренеді. Лингвистикалық тұрғыдан әртүрлі ортада адамдардың қарым-қатынасқа енуі де билингвизмге бастайды. Билингвизм немесе мультилингвизм, сондай-ақ, екі мемлекеттік тіл ретінде қолданылатын жағдайды да білдіреді. Әлеуметтік билингвизм ағылшын мен француз тілдері ресми болып табылатын Канадада, француз, неміс, итальян және роман – барлығы ресми тіл ретінде танылатын Швейцария сияқты көптеген елде бар.

Ең қызығы, зерттеулер біртүрлі деп аталатын мемлекеттерге қарағанда қостілді мемлекеттерде екі тілде сөйлейтін адамдардың аз болатынын көрсетіп отыр. Мысалы, АҚШ, Италия және Франция сияқты елдерде қызмет етіп, өмір сүру үшін адамдардың үстем тілді үйренуіне тура келеді. Көптілді мемлекеттердегі негізгі мәселе – тұрғындар арасында жеке адам билингвизмін дамытудан гөрі екі немесе одан да көп тілді сақтап қалып, қолдану болып отыр.

Конституцияда ұлттық тіл туралы сөз болмаса да, АҚШ-ты тек ағылшын тілінде сөйлейтін біртүрлі мемлекет ретінде қабылдаймыз. Алайда тарихқа көз жүгіртсек, онда бірқатар қостілді қауымдастықтың болғанын көреміз.

2010 жылы жүргізілген халық санағы нәтижесіне сүйенсек, ағылшын-испан қостілділерінің саны басқа қостілділерге қарағанда көп, алайда АҚШ-та өмір сүретін қостілді немесе көптілді адамдардың тілі саны жағынан көп болуымен қатар, олардың барлығын білу мүмкін емес. Соңғы кездегі зерттеулерге сүйенсек, ағылшын тілінің басымдыққа ие болуының себебінен испан тілі секілді ағылшын тілімен қатар қолданылатын өзге тілдер бұған дейінгі кезеңдермен салыстырғанда ХХІ ғасырда көбірек қолданыстан шығуда.

Тілдік кодтың алмасуы дегеніміз – қостілділерге тән сөйлеу стилі. Ол кезде екі тілді де жақсы меңгерген адамдар бір сөйлемде бірнеше тілді араластырып сөйлей береді.

Sometimes I'll start a sentence in English and termino en español.
Sometimes I'll start a sentence in English and finish it in Spanish.

Тілдік кодтың алмасуы – қатар қолданылып отырған екі тілдің грамматикасын қамтитын тілдік байланыс туралы әмбебап құбылыс. Тілдік кодтың алмасуы қостілділер екі тілде бірдей (бір деңгейде) сөйлеген жағдайда орын алады. Сонымен қатар ол белгілі бір әлеуметтік жағдайда жүзеге асып, спикердің сөздік қорын байытады. Тілдік кодтың алмасуы екі тілді де жақсы білмейтіндікті немесе «шала» ағылшын тілінде сөйлейтіндікті білдіретін тілдік жетіспеушіліктің белгісі деп жаңсақ түсінетін жағдайлар болады. Бұл сипаттама мүлдем дұрыс емес. Тілдік код алмасуының әлеуметтік және лингвистикалық ерекшелігіне қатысты жүргізілген зерттеулер



оның қостілді адамның бірегейлігін білдіретінін және өзінің ішкі грамматикалық құрылымы бар екенін көрсетіп отыр. Мысалы: қостілділер етістік пен зат есімді ұдайы алмастырып отырады:

Mis amigos finished first. My friends finished first.

Алайда зат есім қызметін атқаратын есімдік пен етістік арасындағы тілдік кодтың алмасуы грамматикалық тұрғыдан дұрыс деп есептелмейді:

*Ellos finished first. They finished first.

Тілдік кодтың алмасуы тілдердегі сөздің орын тәртібі заңына да бағынады. Айталық, испан тіліндегі зат есім тіркесінде сын есім зат есімнен кейін келсе, ағылшын тілінде зат есімді тіркес бірінші келеді:

Ағылшын: My mom fixes green tamales. (Adj N)

Испан: Mi mamá hace tamales verdes. (N Adj)

Тілдік кодтың алмасуын бір тілдегі сөз немесе қысқа сөйлемдер екінші тіл сөздерімен араласып, екінші тілдің фонологиясын, морфологиясы мен синтаксисін қабылдаған кезде көрініс табатын кірме сөздермен шатастырып алмау керек. Тілдік код алмасу кезінде аралас тілдер өздерінің фонологиялық және грамматикалық ерекшеліктерін сақтайды.

Ал кірме сөздерді тілдік алмасудан сөздердің айтылуы арқылы ажыратуға болады. 1-сөйлемнен кірме сөзді, 2-сөйлемнен тілдік алмасуды көре аламыз:

1. I love biscottis [biskatiz] with my coffee.

2. I love biscotti [biskot:i] with my coffee.

1-сөйлемдегі biscotti сөзінің айтылуы америкалық ағылшынға келеді және онда – s көптік жалғауы бар болса, 2-сөйлемнің айтылуы итальяндық болуымен қатар, онда – i көптік морфемасын байқаймыз. Мұнда ерекше айта кететін нәрсе, тілдік алмасуға жиі жүгінетін адамдар екі, тіпті одан да көп тілді қатар біледі, аталған тілдік алмасудың лингвистикалық білім сияқты өзіндік құрылымы бар және ережеге толықтай бағынады.

Тілді зерттеу көптеген білім беру саласында маңызды орын алады. Сөз құрылымын, тіл үйрену және оны қолдану жолдарын түсіну шетел тілі мен екінші тілді оқытумен қатар, нұсқаулықтарды оқуда да аса қажет. Ол тілдік нұсқаларды толығымен түсініп, оны сабақта қолдану жолдарын да үйретеді. Балаларға оқуды үйретуде, екі тілде білім беру және эбоникс сияқты мәселелерге қатысты мәлімет береді.

Екінші немесе шетел тілін оқытуға байланысты көптеген тәсіл жылдар бойы жетілдіріліп келді. Бұл тәсілдер бір-бірінен түбегейлі өзгеше болса да, көп сарапшы екінші тілді үйретудің бір ғана керемет тәсілі болмайды деп сенеді. Барлық тәсілдің өзіндік жолдары бар, үйрететін тіл ана тілі болатын немесе оны ана тіліндей білетін жақсы оқытушы, тілді үйренуге талпынысы жоғары оқушылар мен қажетті оқу құралдары болған жағдайда қандай да әдіс өз жемісін бермек. Білім беру ортасына сай келіп, оны оқытушы түсініп қабылдаған жағдайда барлық әдіс тиімді. Екінші тілді үйрету әдісін екі үлкен категорияға бөліп көрсетуге болады: синтетикалық және аналитикалық тәсілдер.

Аты көрсетіп тұрғанындай, синтетикалық тәсіл тілдің грамматикалық, лексикалық, фонологиялық және функционалдық бірліктерін жеке-жеке оқытуға көңіл бөледі яғни, бұл төменнен жоғарыға деп аталатын тәсіл. Мұнда тіл үйренушілердің мақсаты – тілді құрайтын жеке бірліктерді синтездеу яғни, бастарын біріктіру. Грамматикалық ережелерге баса көңіл аударатын тіл оқытудың дәстүрлі әдістері осы категорияға жатады. Синтетикалық тәсілдің айқын көрінісі ретінде 1960 жылдардың ортасына дейін басты тәсіл ретінде қолданылып келген грамматикалық аудару тәсілін айтуға болады.

Бұл тәсіл бойынша оқушылар тізімге сай сөздерді, етістік парадигмасын, грамматикалық ережелерді үйренеді. Тілді үйренушілер үйреніп жатқан тілдеріндегі абзацтарды өз ана тілдеріне аударды. Оқытушы сабақты оқушының ана тілінде жүргізіп, мәтіндегі грамматикалық ережелерге ерекше көңіл бөледі, осыған байланысты, оқытылатын тіл туралы ешқандай контекстуализация болмайды, болған жағдайда да онша көп емес. Оқуға арналған мәтіндер оқушылардың үйренуге тиісті сөздері мен құрылымдарынан тұрады және аудару кезінде



жіберілген қателер сол мезетте түзетіліп отырады. Оқушылардың ережелерді, етістік парадигмаларын, сөзді игеру деңгейі бақылау жұмыстары арқылы тексеріледі. Оқушылар үйренетін тілді абзацтарды дауыстап оқып, аударудан басқа кезде қолданбайды.

Аналитикалық тәсілді жоғарыдан төмен деп айтуға болады. Негізгі мақсат үйренуші тілдің құрамдас бөліктерін, яғни ережелерін ашық үйретуде емес, керісінше, оқытушы тақырыптарды, мәтіндерді немесе тапсырмаларды тілді үйренушінің қажеттілігіне қарай таңдайды. Ал оқушылар тілдің құрамдас бөліктерін өздері танып білуі керек. Бұл тәсіл бойынша бала ана тілін үйренгеніндей, ересек тіл үйренушілер де тілдік ережелерді кез келген қолдағы ақпаратқа сүйеніп шығарып алуы керек.

Қазіргі кезде кеңінен қолданылатын аналитикалық тәсілді контенттік деп те атайды. Оның мақсаты – тілдің маңыздылығын арттырып, оқушылардың үйренуші тілде қатысымға енуіне жағдай жасау. Оқушылар шет тілінде өздері қызығатын түрлі тақырыпта әңгіме-дүкен құрып, ой-пікірлерін білдіре алады. Мысал ретінде «Online Dating /Онлайн кездесу», «Taking Responsibility for our Environment/Қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігі» сияқты тақырыптарды айтуға болады. Грамматикалық ережелерді қажеттілік болған жағдайда ғана үйретеді, керісінше, тілде еркін сөйлеу маңызды. Сабақта оқитын мәтіндер арнайы дереккөздерден алынады және олар тіл үйренушілердің қажеттілігіне сай бейімделмейді, өйткені, түпнұсқа мәтін оқушылар үшін қызығырақ болады. Бағалау тіл үйренушілердің шет тілін игеру деңгейіне негізделеді.

Барлық екінші тілді үйрету әдісі бірінші немесе екінші категорияға жата бермейді. Сондықтан синтетикалық және аналитикалық тәсілдерді екінші тілді үйретуге қатысы бар тізбектің екінші ұшы ретінде қарастыруға болады. Бұл тәсілді қолданатын оқытушылар оның барлық қағидаларын ұстана бермеуі мүмкін. Әдетте сабақ түрліше жүргізіледі, бірақ, қолданыстағы әдістемелермен толығымен сәйкес келмесе де, оқытушылар өздеріне ыңғайлы, өздері жақсы білетін техникаларды қолданады.